



200 ж. « 2014 жылдың 15 шілдесі
Астана қаласы

№ 2

**«Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша
сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы»
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы
25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысына
(30.12.2011 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен)
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасында электрондық сот өндірісін жүргізуді дамыту мақсатында жалпы отырыс

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Төлем тапсырмалары, чектер, түбіртектер және «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 237-І Заңының талаптарын сақтай отырып, соның ішінде «электрондық үкімет» төлем шлюзі, электрондық терминалдар, банкоматтар арқылы, өзге де электрондық құрылғылардың көмегімен төлемдерді жүзеге асыру кезінде берілетін басқа да қағаз және электрондық құжаттар бюджетке мемлекеттік бажды төлеу фактісін растайды.

Сот жоғарыда көрсетілген құжаттардың растайтын көшірмелерін қабылдамауға тиіс. Заңнамалық актілерде белгіленген жағдайлардан басқа, төлем құжаттың түпнұсқасын төлеушінің өтініші бойынша азаматтық істен алып беруге болмайды».

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қ. Мәми

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы

Қ. Шаухаров